

ӘОЖ 94 (547)

**КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ ТАКТИКАСЫ: ҚОЛБАСШЫ
РЕТІНДЕГІ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Оразаев Султан Берикович

5674646@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

Кенесары талантты қолбасшы ретінде соғыс кезінде әр түрлі соғыс тактикасын пайдаланған. Қазақстанның кең даласы оған жылжып орын ауыстыра соғыс жүргізу әдісін кеңінен қолдануға мүмкіндік берді. Кенесары жігіттері шебер шабандоз болғандықтан, жер жағдайын жақсы білгендіктен қуғыннан жиі құтылып кетіп отырған. Олар дұшпанды айналып өтіп, тұтқиылдан көкжелкеден соққы беретін. Мысалы, 1844 жылы билеуші сұлтан Ахмет Жантөриннің отряды Кенесарының ізіне түскен кезде, төтеннен сыртынан соққы алып, толық дерлік жойылып кетті. Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков Ақтау қамалына жақын Тіленші-Шет бекетіне Кенесарының шабуыл жасауына байланысты штаб бастығы генерал-майор Фондерсонға былай деп жазды: «Егер қамыстар мен бұта арасы және басқа да таса жерлер алдын ала толық тексерілгенде, олардың төтеннен шабуылы болмауы да мүмкін еді» [1, 303].

Кенесары әскерлері табиғи бекіністерді шебер пайдалана білді (қамыс, бұта, төбе т. б.). Патша отрядтары бәрінен де қазақтардың тұтқиылдан шабуылдауынан қорықты. Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков Ақтау қамалына жақын Тіленші-Шет бекетіне Кенесарының шабуыл жасауына байланысты штаб бастығы генерал-майор Фондерсонға былай деп жазды. «Егер қамыстар мен бұта арасы және басқа да таса жерлер алдын ала толық тексерілгенде, олардың төтеннен шабуылы болмауы да мүмкін еді» [1, 303].

Жеке қамалдар мен бекіністерге шабуыл жасаған кезінде Кенесары жасағы шашыранды қатармен алға ұмтылып, артынша бәрі қосылып, қамалды жан-жағынан

қоршаған. Бұл әдіс, әдетте, дұшпанды әбіржітіп, оның күштерін шашыратуға мәжбүр ететін еді. Мұндай тактиканы Кенесары 1838 жылы Ақмола приказы мен Ақтау қамалына шабуыл жасаған кезде-ақ кеңінен қолданған болатын. Кенесары далалық соғыс жүргізудің өзіндік әдісін енгізді. Дұшпан ашық далада әлденені паналап қорғанатын болса, онда Кенесары әскерлері оқ өтпейтін сауытпен шабуылға шыққан. Кенесарының әскери тактикасында дұшпан қосынына елшілер жіберу әдісі ерекше орын алды. Елшілер келіссөз жүргізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге қарсыластар арасында іріткі салып, үгіт-насихат жүргізді, олар, әсіресе, қазақтар арасында осылай жасады. Бұл жағынан елші Салытан Әбілқайыровтың қызметі мысал бола алады: «Ол қазақтардың бір бөлігін, тіпті офицердің өзін бөлікшілер шайқасына қосып алу үшін неше түрлі айла-амал қолданды» [2, 30].

Көтерілістің бірыңғай қарсы жаққа тойтарыс беретін күшінің ұйымдастырылуы қалай еді деген заңды сауал туатыны белгілі. Әрине, белгілі қолбасшылар басқарған бірнеше жауынгерлердің тобы болғандығы біздерге тарихтан мәлім. Негізінен Кенесары әскері арнайы дайындаған жасақтардан құралды. Сан жағынан кейде 20 мыңға жетіп отырған көтерілшілер сол кездегі негізгі қарқынды күш болып танылады. Жасақтар жүздіктерге, мыңдықтарға бөлінді.

Кенесарының жеке басы туралы шынайы мәлімет пен әділ бағалауды әсіресе Н.А.Середаның еңбегінен көреміз. Жауларын кешірмейтін табанды, жасынан қиыншылыққа мойымауға дағдыланған шыдамдылығы «түйеге тең» деп бір жазып кетсе, екінші бір ойында кедергілерге ешқандай шайлықпай, өз мақсатына жетуде кейін шегінуді білмеуші еді деп те қорытындылайды.

Ұзақ жылдар бойы жақсы қаруланған патша әскерлерімен табан тіресе алысқан Кенесарының бір қасиеті – қиыншылықтарға төзімділігі. Үш жүздің кең даласының ой-шұңқырын алақанындағы қыртыстарындай білген, туған өлкесінің географиялық жағдайын көтеріліс кезінде мейлінше пайдалана білген Кенесарының жауынгерлерінің рухы, жеке басының табандылығы да халық жырларындағы теңеулерге сай. Оның сарбаздарының рухының беріктігіне кез келген Европа әскерінің қолбасшысы таңқалуы мүмкін. Жасынан даланың өміріне үйреншікті болған қазақтар әрбір тастың, ағаштың, төбенің аттарын жатқа білетін, ондаған шақырым қашықтыққа созылған тау-тас арасынан таспадай иректеліп өтетін, эзер көзге ілінетін соқпақтар қазақтар үшін дайын, көз алдындағы бадырайған географиялық картадай көрінетін.

Белгілі әскербасы Кенесары Ресей сияқты ірі елмен көп жылға созылған күреске бас бола отырып, өзінің туы астына жиналған қолды, заман талабына сай жағдайға бейімдеуде қажымай еңбектенді. Не Сырым Датұлы, не Исатай Тайманұлы, не Қаратай Нұралыұлының, басқа да XVIII ғасырдың, соңғы ширегінде — XIX ғасырдың бірінші жартысындағы көтерілістерде қазақ жауынгерлерінің зеңбіректі пайдаланбағандығы белгілі. Бұл жағдай саны аз ғана патша әскерлерінің жеңіске жетіп отыруына басты себептердің бірі болғаны рас. Әскерінің қатарына Ресейден қашқан солдаттарды, басқа, бұрын байырғы орыс қарулы күш қатарында болған қару-жарақ, әскери өнермен танымал ұсталарды тарту сарбаздардың соғысу қабілетін арттырды. Хиуадан, Бұхарадан жеткізілген зеңбіректер Кенесарының «артиллериясының» негізі болды, патша әскерлерімен, Қокан бектерімен күресте демеу болды, кейін Алатау қырғыздарымен алысқанда да Кененің зеңбіректері күдіретті күшін байқатты.

Әскерді бұрынғы соғыс жүргізудің азиялық тәсілімен жүздерге, мыңдарға бөлу, сарбаздардың басына ержүректілігімен, азаттық күрес ісіне берілгендігімен көзге түскен батырларды тағайындау, олардың жан аямай күресі — Кенесарының қолбасшылық, ұйымдастырушылық қасиетінің шындалғандығының бір көрінісі.

Кенесарының туының астында топтасқан қарулы серіктерінің арасында, азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, қанды шайқастарда ерлігімен көзге түскен үш жүздің де батырлары болды. Солардың қатарында Ағыбай, Аңғал, Байсейіт, Туғанас, Тобылды, Таймас, Жеке, Бұхарбай, Бұғыбай, Жоламан, Жауке, Сұраншы, Иман, Құрман, Төлебай, Наурызбай т. б.

Хан Кене өзінің киімін де әскери қолбасшыларға сай таңдайтын — жалтыраған эполеттері бар барқыттан тігілген шекпен киген Кенесарының артында ту ұстаған жауынгер тұратын. Ұзын найзаларын ұстаған сардарларының ортасында Кенесары өзінің серіктерінен алға қарай оқшауланып қаһарлы бейнесімен көз тартатын. 1844 жылдың тамыз айында Екатеринбург станицасына көтерілісшілер шабуыл жасаған кездегі Кенесарының жеке сырт көрінісі төмендегідей: дүрбімен қарағанда ақбозатқа мінген көтеріліс басшысын көрді. Алтын жіппен көмкерілген, орыстың полковник шеніндегі эполеттерін таққан Кенесарының басында офицердің бас киімі, иығынан қайтара күміс шарф ораған.

Төрт ай Кенесарының тұтқынында болған барон Услардың ханның сырт пішініне берген сипаттамасы кейіннен оның портретін жасауға басты дерек болды. «Бойы сонша сұңғақ та емес Кенесары арықша келген, бет пішіні қалмаққа ұқсайды, оның тегін байқатады. Сөйтсе де Кенесарының қиғаш көздері ақылдылықты көрсетеді. Бұлай қарағанда тіпті қатыгездіктің еш нышаны көрінбейді» [3, 63].

Көтеріліс жылдарында ханның қабылдауында болған судагерлер мен дипломаттар, тағы да тағдырдың талқысымен аты шулы қолбасшымен тілдескен жандар бірауыздан оның ілтипаттылығын, қонақжайлылығына көңіл аударады. Осындай қолбасшының бір аптадай қонағы болған приказчик Порфирии Глебович Уфимцевтың жазбасында ханның жеке басы мен тұрған жайы жөнінде тартымды мәліметтер келтірілген. Көтеріліс қамтыған өлкеден тауар алып өткені үшін ханның қазынасына баж салығын өткізуге мәжбүр болған керуенбасылар Кенесарының ауылын айналып өтуге батылдары бармайтын. Қазақ даласын арлы-берлі шарлап жүрген, ханның қонағы болған көпестердің айтуынша, егер Кенесары қабылдауында кімге қолын берсе, оның пиғылының ерекше жұмсарғанының белгісі екен. Төрт ай Кенесарымен бірге көшіп жүруге мәжбүр болған барон Услардың жазбаларында, басқа да бірқатар деректерде қазақ ханының тұрғын жайы туралы мардымды ештеңе айтылмаған. Ханның қонақ-жайлылығы белгілі болса да оны сипаттайтын мәліметтер де сирек кездеседі. Өзінің жазбаларын қорытындылай келе Уфимцев бір апта бойы Кенесарының ауылында қонақта болып ешбір жәбірлеусіз керуенімен аман-есен қайтқанын зор қанағаттанғандықпен сипаттайды [4, 145].

Қолбасшы ретінде Кенесары Қасымұлы 10 жылдық күресінің барысында патша үкіметінің жақсы жасақталған, қаруланған, европалық елдермен соғыстарда мол тәжірибе жинаған әскерлеріне қарсы арпалыста шыңдалды, қазақ сарбаздарының күрес әдістерін жетілдіруде зор үлес қосты. Үш жүздің әр аудандарында шоғырланған Кенесары ең алдымен патша әскерлерінің қателіктерін әрдайым шебер пайдаланды. Мылтық жетіспеген, зеңбіректері тым аз Кенесарының сардарлары күтпеген жерден шабуыл жасау тактикасын жиі қолдаатын. Негізінде найза, садақпен қаруланған Кенесары сарбаздарына өкірейіп, менсінбей қараған жазалаушылар тобы сан рет көтерілісшілердің қоршауында қалғаны белгілі. В. Потто тек Кенесары ғана емес, Есет Көтібаров бастаған қозғалыс кезінде де патша әскерлерінің өркөкіректігі көтерілісшілердің кейбір жетістіктеріне себепші болғандығына көңіл аударған [5, 45].

Кенесарының туы астындағы қазақтардың әскери тактикасының ерекшеліктеріне барон Услар да назар аударады. «Алдымызда жан-жаққа шашырай шауыш келе жатқан қырғыздардың тобын көзіміз шалды. Айғай, қаһарлы үн құлақты жаратын. Мылтықтың оғы жететін қашықтыққа жеткенде тоқтай қалып, Абылай-Кенесары деп өңештерін жырта айқайлады». «Кенесарының бізді шабуылдаған мақсаты кейін бүлікшілерді қуғындауға мүмкіндік бермеу үшін, аттарымызды қолға түсіру мақсаты екендігі байқалды. Оң қанаттан бір зеңбіректі оқ жаудыруға дайындадық. Осыны көрген қырғыздар бір жерге шоғырланып, шегінуге ыңғайланды. Картечтің қырғыздар арасында жарылғандағы шошындыратын әсерін көрсеңіз...» — деп жазады Услар [6, 289].

Азиялық халықтардың әскери өнерінде ғасырлар бойы сақталынған күштің саны мен қолбасшының тапқырлығына, тәртіпке негізделген соғысу тактикасы қару-жарақтың сапасының артуымен бірқатар өзгерді. Зеңбіректердің гүрсілдеген дауысы, найзағай отындай шашыраған оты бұрын суық қарумен соғысқа машықтанған атты қазақтарға қиын соқты.

Негізінде хан Кенесарының дарынды қолбасшылық қасиеті, орыс әскерлерінің ашық ұрыстағы соғысу әдісімен таныстығы, қазақ жасақтарының күшін ептілікпен пайдалануы азаттық күрестің тегеурінді болуына әсерін тигізгені анық. «Қырғыздар, сөз жоқ, ержүрек халық. Қалмақтармен және де басқа жауларымен ашық күресте сан жеңістерге жеткен. Әрине, біздің әскерімізге қарсы тұра алмайды. Олардың тегеуріні қайратты айғай-шумен дүрсе қоя бергенде, үрейленесің. Алайда мылтықтарымен төрт бұрыштанып бірыңғай тізіле қалған байырғы әскерді көргенде, олар кейін шегініп, жөңкіледі» . Завалишиннің осы сипаттамасы әртүрлі сөздермен берілсе де, жалпы мазмұны көптеген авторлардың еңбектерінде қайталанған.

Кенесары шегінген кезде де ерекше тактика қолданған, тосқауыл ретінде шекара Шебіне жақын жерлерде партизан топтары қалдырылды. Олар бектерге, жол айырығындағы топтарға қарсы сәтті қимылдап, арбалы керуендерге шабуыл жасап отырған. Дұшпан әскерінің қозғалуын қиындату және бәсеңдету үшін Кенесары өзі шегінер кезде қырға өрт қойып, құдықтарды қиратуға бұйрық берген, бұл далалық соғыс жағдайында жау үшін қосымша қиындықтар туғызған және оларды жем-шөпсіз, сусыз қалдыруға тырысты. Мысалы, В. А. Потто осыны айта отырып, былай деп жазды: «Қырғыздар ауылдарында сирек қорғанады, әскер жақындаған кезде шөпсіз, сусыз далаға алдын ала шегініп кетуге тырысады. Қуғынды кідірту үшін олар құдықтарды бастырып кетеді немесе қырға өрт қойып, жем-шөп пен суаттарды жояды» [3,63б.].

Қолбасшы ретінде Кенесары Қасымұлы он жылдық күресінің барысында патша үкіметінің жақсы жасақталған, қаруланған, европалық елдермен соғыстарда мол тәжірибе жинаған әскерлеріне қарсы арпаласта шыңдалды, қазақ сарбаздарының күрес әдістерін жетілдіруге зор үлес қосты. Үш жүздің әр аудандарында шоғырланған Кенесары ең алдымен патша әскерлерімен қателіктерінің әр дайым шебер пайдаланды. Мылтық жетіспеген, зеңбіректері тым аз Кенесарының сардарлары күтпеген жерден шабуыл жасау тактикасын жиі қолданды. Негізінде найза, садақпен қаруланған Кенесары сарбаздарына менсінбей қараған жазалаушылар тобы сан рет көтерілісшілердің қоршауына қалғанына белгілі. Кенесары Қасымұлының әскери қолбасшы ретіндегі соғыс тактикасының ерекшеліктері, мән-мағнасы мен маңызы әлі де тереңірек зерттеп, зерделеуді қажет етеді.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында. – Алматы, 1994.
2. Бекмаханов Е.Б. Восстания хана Кенесары. – Алматы, 1992.
3. Қасымбаев Ж. Кенесары хан. - Алматы.,1993.
4. Рязанов А.Ф.Кенесары. Исторический очерк. - Алматы,1993.
5. Серета Н. Бунт киргизкого султана Кенесары Касымова (1838-1847). - Атырау, 1992.
6. Касымбаев Ж. Об освободительном характере восстания хана Кенесары Касымова // Аблай-хан. Кенесары. /Проблемы национально-освободитель-ного движения. – Алматы, 1993.